


Суринам ұн жемірі



Суринам ұн жемірі - *Oryzaephilus* L. Қатты қанаттылар отрядының жалпақ денелілер тұқымдасына жататын ұзындығы 2,5-3,5 мм, қара қоңыр түсті қоңыз. Мұртшалары шоқпар тәрізді 3 бунақтан тұрады.

Дернәсілдерінің ұзындығы 2,5-3,5 мм.

Қуыршағының ұзындығы 2,5-3,2, түсі сарғылттау ақ, көкірек бөлігінің бүйір жақтарының әрқайсысында 6 тікенек болады



Кең таралған зиянкестер

Әр түрлі қоймаларда, диірмендерде, макарон және тәтті тағамдар жасайтын фабрикаларда, дүкендер мен тұрғын үйлерді мекендейді. Қоңыздар 6 айдан 10 айға дейін, кейде 2 жылға дейін өмір сүреді.

Қоймаларда жылына 5, ал жылытылатын бөлмелерде 7 ұрпаққа дейін беріп өсіп өнеді



Суринам ұн жемірінің суыққа төзімділігі онша жоғары емес. Минус 10 С тан қоңыздар 3 тәуліктен кейін, ал дернәсілдері 2 тәуліктен кейін өледі. Ал минус 15 С зиянкестің барлық фазалары бір тәуліктен кейін қырылып қалады.



Қан көбелектер Pyralididae

Аяқтары біршама ұзын немесе, орташа, қанаттарының өрісі 11-50мм көбелектер. Алдыңғы қанаттары үшбұрышты

енсіз, артқы қанаттарының жиектерінде шашақтары бар, алдыңғыларына қарағанда енді

келеді



**Құрсақ аяқтарының
ілгектері 2 немесе 3
деңгейлі келеді.
Көпшілік түрлерінің
жұлдызқұрттары
өсімдіктермен,
кейбіреулерінікі
қоймадағы өсімдік
тектес азық-түлікпен
қоректенеді.**

